

## БӨЛІМ: БАЯНДАМАЛАР

**Білім берудің жаңаруы жағдайында функционалдық сауаттылықты қалыптастыруда құзіретті тәсілдің маңызы**ЖАРИЯЛАНДЫ  
07.10.2017СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/17332/>

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

**Алпысбаева Ағына Алпысбайқызы****Білім берудің жаңаруы жағдайында функционалдық сауаттылықты қалыптастыруда құзіретті тәсілдің маңызы**

Ұлттық іс-қимыл жоспарында айтылғандай, мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту процесі оқу қызметінің барлық түрлерінің нәтижелілігін оқу материалын меңгерудің процесуалды жағын және жеке тұлғалық қасиеттердің пайда болуын есепке алатын бағалаудың жаңа жүйесін енгізуді айқындайды. Сырттай бағалау әрбір деңгейді аяқтау бойынша білім алушының оқу жетістіктерінің мәлімделген нәтижелерге (ҰБТ, ОЖСБ және т.б.) сәйкестігіне, сондай-ақ халықаралық зерттеулерге қатысуы арқылы жүзеге асырылатын болады.

Іштей бағалау нақты тұлғалық жетістіктерді белгілеу үшін оқу пәні бойынша оқыту сапасын диагностикалау арқылы және МЖБС өлшемдеріне сәйкестігі (аралық және қорытынды бағалау) арқылы жүзеге асырылады.

Білім алушылардың өзін-өзі бағалауы өзін-өзі ұйымдастыру және өзін-өзі жетілдіру үшін жеке жетістіктерін бағалау арқылы жүзеге асырылады.

Критериялық бағалау жүйесі енгізілетін болады: білім алушының оқу жетістіктерінің МЖБС-да белгіленген мәлімделген нәтижелерге сәйкестігін бағалау.

Жаңа заман талабына сай жаңа келбетті сабақ беруде пәндерді оқыту технологиясын жан-жақты қолдану – ұстаз білігі мен шеберлігі арқасында жүзеге асары сөзсіз. Қай кезде болмасын «Мектептегі басты тұлға — мұғалім» десек, жас ұрпақтың дарыны мен талантын ашу, шығармашылық ойлау қабілетін жетілдіру, олардың өзіне деген сенімін қалыптастыру, бір сөзбен айтқанда, өз жолын таңдауына түрткі болу – мұғалімнің бүгінгі

таңдағы абройлы борышы.Тәуелсіз елдің талантты ұрпағын тәрбиелеудегі мақсатқа жету көзі – жаңа педагогикалық технология. Сондықтан оқу-тәрбие үрдісінде оқытудың жаңа технологияларын жетілдіру бүгінгі таңда күн тәртібінде тұр. Жаңа технологияның басты мақсаттарының бірі – баланың оқыта отырып ой еркіндігін, белсенділігін, ізденімпаздығын қалыптастыру, өз бетінше шешім қабылдауға дағдыландыру.Мен өз тәжірибемдегі нәтижесін көрген бағалаудың түрлеріне тоқталмақпын.

Сыныптағы бағалау тек қана техникалық тәсіл емес. Мұғалімдер жазбаша немесе ауызша түрде баға қою жолымен бағалайды. Олар қолданатын кез келген нысанның артында объективті немесе жеткілікті дәрежеде объективті емес нормалар мен стандарттар ғана емес, сондай-ақ баланың дамуы, оқуы және ынтасы туралы түсінік, сонымен қатар өзін-өзі бағалау, қабілеттілік және күш-жігер сияқты ұғымдарға қатысты құндылықтар жатады (*Александр, 2001*). Жоғарыда баяндалған мәліметке сүйене отырып,бағалаудың оқытуда маңыздылығын және жиынтық бағалаудан өзгеше мақсатта да қолданылатынын айтуға болады.Бағалауәрсабақ сайын жүргізіледі және оқушының әрбір жетістігі бағаланып отыруы қажет. Бағалаудың тағы бір артықшылығы оқушыларды оқуға ынталандыруы. Бірақ, бағалау әділ жүргізілмесе ол оқушыға кері әсер етуі мүмкін. Өйткені, өз деңгейінен төмен бағаланған оқушы оқуға салғырттықпен қарап, тек келесі жылға қалмау үшін оқуы мүмкін. Егер де бағалау тек мұғалім тарапынан жүргізілгенде оқушылар өздерінен ересек адам тарапынан әділетсіздікті сезіп, жігерлерінің жасуы орын алатын жағдайларды да өз тәжірибемде кездестірдім. Осы орайда осы олқылықты жою мақсатында оқыту үшін бағалауды, яғни формативті бағалауды зерттеу тақырыбы ретінде алуым қажет болды. Ол үшін бағалау, оның ішінде оқыту үшін бағалау туралы жазылған әдебиеттерге сүйенуім пайдалы деп есептеймін.Деңгейлі бағдарламалар бойынша курсқа келгенге дейін бағалаудың сабақтың соңында мұғалім тарапынан жүргізілетінін білетін болатынмын. Өзімнің және әріптестерімнің тәжірибесінде бағалаудың бір жақтылығы көрініс алады. Ал, ол өз кезегінде бағалау бойынша жүргізілген зерттеулерге сәйкес, оқушылардың өз оқуы туралы түсінігінің қалыптасуына, сыныптастарының білім алудың қай деңгейінде тұрғанын білуге және өздерімен салыстыра отырып білім алуға деген жауапкершілігінің артуына мүмкіндік бермейді.Сыныпта 12 оқушы бар. Осы жерде менің ойымша әр сабақ сайын төрт оқушы бағаланатын болса, оқушылардың сабаққа дайындалуы әр төрт сабақ сайын тек қана баға алу мақсатында болуы мүмкін. Қалған уақытта олар өздерінің білім алуына жауапкершіліксіз қарайтын сыңайлы. Оқушылар өздерінің білім алуы үшін өздеріне жауапкершілік алуы тиіс, себебі басқа ешкім де олар үшін оны істемейді. Яғни, оқушылар оқытуды бағалау үдерісіне тартылуы қажет. Бұл тұрғыдан алғанда, үздіксіз дамуға ықпал ету, оқыту үдерісін сезіну және оқушылардың оларды басқару қабілеттілігі ерекше маңызға ие болады.(Бағалауды Реформалау тобы,1999). Осы жайттарды ескере отырып « **Өзара бағалау арқылы ана тілі пәніненүлгерімітөмен оқушылардың оқуға ынтасын қалай арттыруға болады?**»деген зерттеу сұрағын

айқындап алдым. Себебі, оқушылар өзінің жеке жұмысына немесе бір – бірінің жұмысына жай ғана баға қойғаннан гөрі, өзара бағалаудың маңызы зор. Ондағы мақсат – оқушыларға өз жұмыстарының сапасын көтеруге қызықтыру және оларға оны жақсартудың мүмкіндіктерін талдауға көмектесу. Нәтижесінде, бұл мұғалімнің жұмысын жеңілдетпек, себебі оқушылар оқыту үдерісі үшін тек мұғалім ғана жауапты емес екенін түсінеді. Өзара бағалау оқушыларға бір – бірімен өзара оқуға және бір – бірін өзара қолдайтындай қажетті кері байланыс орнатуға көмектеседі. Ол оқушыларға сөйлесу, талқылау, түсіндіру және бір – бірін сыни бағалау мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Тиімді жасалған өзара бағалау алдағы уақытта оқу кезеңінде оқушылардың одан әрі алға ұмтылуға деген жауапкершіліктерін дамытуға көмектеседі. Оқушы жетістігін нақты бағалау мәселесі — білім беру жүйесіндегі өзекті мәселелердің бірі. Көптеген жылдар бойы оқушы жетістігі басқа оқушы жетістігімен салыстырмалы түрде бағаланып келді. Бұл жағдайда білім алуға деген қызығушылықты жоғарылатуға мүмкіндік жасайтын бағалаудың нақты критерийлері, мұғалім мен оқушы арасында кері байланыс болмады..

Бағалау арқылы білім алу, оқуды үйренуге деген идеяларды балалардың басында қалай туғызамын? Ол үшін өз алдыма мынадай сұрақтар қойдым: «1) Нені үйрету керек? 2) Қалай үйрету керек? 3) Балалар қалай оқиды? 4) Сабақтың қаншалықты табысты болғанын қалай бағалаймын?». Мен өз тәжірибемде оқыту үшін бағалау яғни формативті бағалау оның ішінде өзара бағалау тәсілдерін енгізу арқылы өзгерістерді көруге асық болдым. Бағалаудың түрлі тәсілдерін, ауызша бағалау, бас бармақ қимылымен бағалау, бағдаршам, балмұздақ таяқшаларымен бағалау, жұптық бағалау, топты бағалауға арналған тәсілдерді айқындап жоспарланған сабақтар топтамасына енгізу жайында ойландым. Кеңесу кезіндегі біздің мақсатымыз – оқушылармен жұмыста өзара бағалау түрлерін біртіндеп енгізу арқылы оқушылардың қызығушылығын ояту болды. Осы жұмысқа тартылып отырған басты тұлға мұғалім болды, бірақ осы бірлескен жұмыс арқылы біртіндеп сабақтан сабаққа бағалаушы, өз жұмысын өзі бағалай алатын рефлексиялаушы оқуға ынталы үлгерімі төмен оқушыларды көргім келді. Келесі тапсырма ту мен елтаңба туралы білетіндері бойынша постер қорғау болды. Тапсырманы орындауға берілген уақыт (15 минут) аяқталған соң, топтар келесі топтар орындаған жұмыстарды тексеріп, стикерлер арқылы бағалады. Бұл бағалаудың тиімділігі балалар өз ойларын ашық жаза алады. Мысалы төмен деңгейлі оқушым Маржан сыныптасының толық жауап бермегенін анықтап, нақты жазыпты. Сабақ барысында оқушылар тақырып бойынша бір-біріне сұрақ дайындады. Сонан соң сұрақтарды келесі топтарға орындауға беріп, нәтижесін тексеріп, бағалады. Бұл жұптық бағалау әдісі уақытты үнемдеуге және оқушылардың тақырыпты түсінгенін тексеруде мұғалімге пайдалы болды. Осы іспеттес тапсырмаларды орындағанда өзім тексеріп, ол үшін оқушыларға жауапкершілік жүктемейтін едім. Сабақ аяқталған соң түсіріп алған сабақты көре отырып, төмен деңгейлі оқушыларда өзгерістерді байқадым, олар топ жауапкершілігін сезініп, топ атынан постер қорғауға тырысты. Келесі сабағымды жоспарлауда осы оқушыларға өз топтарын бағалауды тапсырып, өздеріне деген сенімділігін арттыруды жоспарладым. Ең

алдымен топқа бөліп алдым да, төмен деңгейлі үш оқушыны үш топқа топ басшы етіп сайладым, сабақ барысында үй тапсырмасын жаңатәсілмен тексердім. Топ басшылары сабақтың әр кезеңі бойынша топ мүшелерін бағалап отырды. Бағалау барысында төмен деңгейлі оқушылар өздеріне де бестік баға қойғанын байқадым, бұл оқушылардың осы сабаққа ынтымақпен қатысқанының дәлелі деп ойлаймын. Сыныптыстарын бағалау үшін, топта басшы болу үшін олар басқабалалардай білімді болу керектігін түсініп, күнделікті сабаққа мұқият дайындалып келгендері байқалды. Азат бірінші сабақтағыдай емес екінші сабақта өз жауапкершілігін сезінді. «Туған жер» тақырыбына жазған әңгімесі айтарлықтай мағыналы, әдеби тілмен жазылған болып шықты. Мен оны ерекше атап мадақтау сөздер айтып ынталандырып қойдым. Ал Райхан болса сабақ соңында бағалау кезеңінде сыныптастарын әділ бағалады. бағалау түсінігін тереңдету мақсатында үшінші сабағымда бағалаудың бірнеше түрін пайдаландым. Сабақта оқушылар үш топқа бөлінген болатын. Берілген мәтін бойынша постер қорғау тапсырмасын орындағаннан кейін, топтар бірін – бірі смайлик арқылы, бас бармақ қимылымен және бағдаршам белгілері арқылы бағалады. (1,2,3-суреттер) Осы әдістерді қолдану себебім, бір сабақта бағалаудың үш түрі қолданды және оқушылар сыныптастарын бағалау арқылы өздерінің жеткен жетістіктері мен жіберген қателіктеріне ойша талдау жасай алды деп ойлаймын.

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.